

Екібастұзды сумен жабдықтау

Орналасқан жері:

Қазақстан

Жоба нөмірі:

48325

Саласы:

Муниципалдық және экологиялық инфрақұрылым

Мемлекеттік/жеке сектор:

Мемлекеттік

Экологиялық санаты:

B

Жағдайы:

Тұжырымдама қарастырудан өтті, түпкілікті қарастыру күтілуде

Жобаның түйіндемесін ағылшын тілінде жариялау күні:

2018 жылғы 25 қазан

Жобаның сипаттамасы

Екібастұз қаласында орналасқан «Горводоканал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (бұдан әрі – «Компания») 3 млрд. 475 млн.-ға дейін теңге (8,3 млн. еуро) мөлшерінде кредит беру. Кредит бір су дайындау станциясын және бір сарқынды суларды тазарту станциясын қайта жаңартуды қаржыландыру, сондай-ақ жылжымалы жөндеу техникасын, сумен жабдықтауды есепке алу аспаптарын және басқа да қажетті компоненттерді (бұдан әрі – «Жоба») сатып алу мақсатына пайдаланылатын болады.

Жобаның мақсаты

Жоба стратегиялық тұрғыдан сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің пайдалану сенімділігін арттыруға, сондай-ақ ағымдағы және болашақтағы сұранысқа сәйкес олардың пайдалану әлеуетін түзетуге бағдарланған.

Сондай-ақ Жоба ресурс үнемдейтін іс-шараларды жүргізуге, су шығынын азайтуға, мониторинг пен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін әзірлеуге бағытталған.

Өтпелі процеске әсері

Жоба Компания мен қала әкімдігі арасындағы коммуналдық қызметтерді көрсету шартына қол қою, мониторинг мақсаттары үшін тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің жиынтығын әзірлеу, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бағдарламасын іске асыру арқылы «Басқару сапасы» өтпелі процесінің атрибутын іске асыруға ықпал етеді.

Жоба тарифтерді шығындардың өтелімділік деңгейіне дейін арттырудың, сумен жабдықтауға кемінде 95% қосу үшін тұтынуды есепке алу деректері негізінде шоттар ұсыну жүйесін енгізудің, сондай-ақ төлемдердің жиналу деңгейін 95%-тен төмен емес сақтаудың есебінен «Бәсекелестік» өтпелі процесінің атрибутын іске асыруға ықпал ететін болады. Сондай-ақ Компания өзінің қаржылық және операциялық көрсеткіштерін арттыру мақсатында қаржылық және операциялық көрсеткіштерді жақсарту бағдарламасын іске асырады.

Клиент туралы ақпарат

«ГОРВОДОКНАЛ» МКК

«Горводоканал» МКК Қазақстанның Павлодар облысы Екібастұз қаласында сумен жабдықтау және сарқынды суларды тазалау жөніндегі муниципалдық компания болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

3 млрд. 475 млн. теңге

Компанияның бірінші кезектегі кредиті – 3 млрд. 475 млн. дейін теңге сомасында (8,3 млн. еуро).

Кредит екі транштан тұрады:

- 1) «А» траншы (шартты) – 2 млрд. 50 млн.-ға дейін теңге (4,9 млн еуро) мөлшеріндегі кредит;
- 2) «В» траншы (шартсыз) – 1 млрд. 425 млн.-ға дейін теңге (3,4 млн. еуро) мөлшеріндегі кредит.

Жобаның жалпы құны

6 млрд. 205 млн. теңге

Жобаның жалпы құны 6 млрд. 590 млн. теңгені (15,8 млн. еуро) құрайды. Бұл сома Кеңейтілген әріптестік туралы негіздемелік келісім («КЭНК») желісі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан бірлесіп қаржыландыру, Павлодар облысы әкімдігінің қолдауы, сондай-ақ жобаны дайындау мен іске асыруда Компанияға қолдау көрсетуге бағытталған ілеспе техникалық ынтымақтастықты қоса алғанда.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Жоба 2014 жылғы редакциядағы Экологиялық және әлеуметтік саясат шеңберінде «В» санатына жатқызылған. Жоба Компанияға сумен жабдықтау және су бұру бойынша өз қызметтерін сумен жабдықтау инфрақұрылымын қайта жаңарту және жаңғырту, қаладағы ағынды суларды тазарту және жинау арқылы жақсартуға мүмкіндік береді. Әзірленіп жатқан ЖІБ суды пайдаланудың энергиялық тиімділігі мен тиімділігін арттыруға, шығындарды қысқартуға және экологиялық стандарттарды жақсартуға мүмкіндік береді деп күтілуде. Жобаға байланысты экологиялық және әлеуметтік әсердің кез келген қолайсыз болашақ факторлары оқшауланады және салдарларды жеңілдету жөніндегі шаралар арқылы оңай жойылуы мүмкін.

Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеруді («ЭЭКТ») техникалық-экономикалық негіздемені дайындау шеңберінде сыртқы консультанттар жүргізді және ол мыналарды қамтыды: тәуелсіз экоәлеуметтік аудит/Компанияның және оның объектілерінің ағымдағы операцияларына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласындағы басқару жүйелері мен Компанияның басқару принциптеріне/рәсімдеріне шолу; ЖІБ-ті іске асыруға байланысты экологиялық және әлеуметтік әсердің әлеуетті факторларын талдау.

Кешенді тексерудің нәтижелері Компанияның өзінің басқару әлеуетін арттыруы және қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы жүйелерді жақсарту қажеттігін және оның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласындағы ағымдағы әдістерінің оларды ЕҚДБ жобаларын іске асыруға қойылатын талаптарға (IT) сәйкес келтіру үшін одан әрі жақсартуды талап ететінін көрсетеді.

ЖІБ бүкіл жүйені жаңғыртуға бағытталып жоспарланған 15 жылдық инвестициялық стратегияның бір бөлігі болып табылады. «Өскемен су арнасы» компаниясы қала және көрші аудандар халқының 81%-ін (немесе 269 789 тұрғынын) сумен қамтамасыз етеді. Сарқынды суды бұру бойынша орталықтандырылған қызметтер халықтың 64%-іне (немесе 212 мың тұрғынға) ұсынылады. Халықты ауыз сумен жабдықтау Қазақстандық нормаларға және ЕО стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

Кәріздік құбырлардың техникалық жай-күйі қолайлы болып табылады және кәріздік құбырлардың шамамен 100%-ке жуығы қайта жаңартылған немесе осы есепті дайындау кезінде қайта жаңартудың соңғы сатысында болды. Екібастұз сарқынды суларды тазарту станциясы 1980 жылдары жобалық қуаты тәулігіне 58,2 мың м³ дәстүрлі механикалық және биологиялық технологиялық тазарту процесінің негізінде жобаланған және салынған; тазарту құрылыстарының барлық бетон құрылымдары авариялық жағдайда және жедел жөндеуді қажет етеді. Станцияға жеке тұтынушылардан тұрмыстық сарқынды сулар, сондай-ақ осы қаланың ауданында жұмыс істейтін әр түрлі компаниялардан өнеркәсіптік сарқынды сулар түседі. Тазарту құрылыстарының

кіре берісіндегі сарқынды сулардың орташа жылдық шығыны оларды тазалау жөніндегі жобалық қуаттан аспайды.

Тазартылған сарқынды сулар механикалық тазалау үшін бас сорғы станциясы арқылы тұндырғыштарға, содан кейін пайдаланылмайтын жерлердің кең алаңдарының қоршауында қаладан 14 км орналасқан буландырғыш тоғандар жүйесіне ағызылады. Қандай да бір табиғи су қоймаларына тікелей ағызу жүргізілмейді, ал буландырғыш тоғандар астындағы балшық қабаты жер асты суларын ластанудан қорғайды.

Тазартылған сарқынды сулардың сапасы төгінділер бойынша ұлттық талаптарға сәйкес келеді, ал ішінара тазартылған сарқынды сулардың сапасы да ЕО (91/271/ЕЕС директивасы) талаптарына сәйкес келеді, өйткені төгінділер ауданы эвтрофикация процесіне ұшыраған экологиялық осал аудандарға жатқызылмайды.

Жоба қосымша жер бөлуді талап етпейді, себебі ұсынылып отырған инвестициялық операциялар негізінен Компанияның қолданыстағы алаңдарында немесе қолданыстағы құбыр дәліздері аясында жүзеге асырылады.

ЭЭКЗ жүргізген консультанттар зардаптарды жақсарту және жұмсарту бойынша қажетті шараларды, сондай-ақ кешенді тексеру барысында қажеттілігі анықталған түзету іс-қимылдарын іске асыру үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын («ЭЭІЖ») әзірледі. Атап айтқанда, ЭЭІЖ Компаниядан: i) ИСО 14001-ге және еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы саласындағы тиісті халықаралық практикаға сәйкес оның Экологиялық менеджмент жүйесі шеңберінде қызметкерлер мен мердігерлерге қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік саласындағы оның басшылық қағидаттары мен рәсімдерін жетілдіруді; ұлттық талаптарға сәйкес жобаның компоненттері бойынша қажетті рұқсаттар мен келісулерді алуды; ii) экологиялық мониторинг пен су сапасының мониторингін жақсартуды; қоршаған ортаны қорғауды; құрылыс мердігерлігінің шарттарына қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі талаптарды енгізуді және мердігерлердің олардың міндеттемелерін сақтауын бақылауды; құрылыс алаңдарының тиісті қоршауын қамтамасыз етуді; өнеркәсіптік сарқынды суларды ағызуды бұру және тазартуды басқару жоспарын әзірлеуді талап етеді. Сондай-ақ Компания ақпаратты тиісінше ашуды және жұмыс басталғанға дейін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырулар орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында шағымдарды қарау тетігін қоса алғанда, Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын («МТӨЖ») пысықтап, іске асыруы қажет. Бұл қалада ҚДБ шеңберінде жүзеге асырылатын, Мүдделі тараптардың қатысу бағдарламасын («МТҚБ») іске асырумен қосымша сүйемелденетін болады.

Банк жобаның экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштеріне және экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша Компания ұсынатын жыл сайынғы есептерді, сондай-ақ ЭЭІЖ іске асырылу барысын қарау жолымен ЕҚДБ ІТ-нің сақталуын мониторингтеуді жүзеге асыратын болады. КО желісі бойынша қаржыландырылатын ЖІТ консультанттары экоәлеуметтік көрсеткіштер мен туындайтын проблемаларды күнделікті негізде бақылап

отырады, сондай-ақ ЭЭІЖ-ны жүзеге асыруға көмек көрсетеді. Банк объектілерге инспекциялық баруды да жүзеге асыра алады.

Техникалық ынтымақтастық

Келісімге қол қойғанға дейін

Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау – 195 мың еуро, ЕҚДБ Акционерлердің арнайы қорының («ААҚ») қаражатынан қаржыландырылады.

Келісімге қол қойғаннан кейін

Сатып алуды, талаптарға сәйкестігін бақылауды, мониторингтеуді және ЭЭІЖ-ны қоса алғанда, жобаны жүзеге асыруды қолдау. Консультанттар техникалық жобалауда, сатып алуды өндіруде, келісімшарттарды беру және әкімшілендіруде, қаржылық бақылауды жүзеге асыруда, жобаны жалпы басқаруда және сапаны қамтамасыз етуде Компанияның жобасын іске асыру жөніндегі топқа көмектеседі. Бұл тапсырманың құны 500 мың еуроға бағаланады және КЭНК ережелеріне сәйкес оны Қазақстан Үкіметіне қаржыландыру ұсынылады.

Корпоративтік даму бағдарламасы («ҚДБ»):

i) Қаржылық және операциялық көрсеткіштерді арттыру бағдарламасын іске асыру және Корпоративтік бизнес-жоспар мен АБЖ әзірлеу жолымен қаржылық және операциялық көрсеткіштерді арттыруға, сондай-ақ

ii) сектор үшін 2018-2019 жылдары қолданысқа енгізілетін жаңа әдіснамаға сәйкес тарифтерді қолдануда көмек көрсету. Бұл тапсырма ҚДБ консалтингтік құрылымының бір бөлігі болады және оның сметалық құны КЭНК ережелеріне сәйкес Қазақстан Үкіметіне қаржыландыру ұсынылатын 230 мың еуроны құрайды деп күтілуде.

Компаниядағы байланысатын тұлға

Ольга Сендетская, директор

olgasendez@mail.ru

+7 777 940 62 27

Қазақстан, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Әлия Молдағұлова көшесі, 78.

Жобаларға қатысудың мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу мәселесі бойынша компания-клиентке хабарласуыңызды өтінеміз.

Мемлекеттік сектордағы жобалар бойынша: EBRD Procurement бөлімін қараңыз. Анықтамалар үшін: тел. +44 20 7338 6794; эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Сатып алуды жүзеге асырумен байланысты емес ЕҚДБ жобалары бойынша анықтамалар: тел.: +44 20 7338 7168; эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Жұртшылықты хабардар ету қағидаттары (ЖХЕҚ)

ЖХЕҚ ЕҚДБ стратегияларын, саясатын және операциялық қызметін тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-де белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен кеңесулер жүргізу тәртібін анықтайды. Директорлар кеңесіне ұсынылатын мемлекеттік сектордағы жобалар бойынша баяндамаларды алу тәртібін «Жұртшылықты хабардар ету қағидаттары» парақшасына сілтеме бойынша өтіп білуге болады.

ЖХЕҚ мәтіні

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО)

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО) ЕҚДБ қызметінің есептілігін қамтамасыз ететін механизм болып табылады (<https://www.ebrd.com/work-with-us/project-finance/project-complaint-mechanism.html>). Ол өтінішкерлердің пікірінше экологиялық және (немесе) әлеуметтік зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деген, Банкпен қаржыландырылатын жобаларға қатысты жеке тұлғалар мен ұйымдардан келіп түсетін шағымдарды тәуелсіз қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Шағым беру нысандары туралы ақпаратты **Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган** сайтының парақшасынан қараңыз. **ШҚО рәсімінің ережелеріне сәйкес**, шағым беруге немесе оларды тіркеу мен олардың тиімділігін мойындауға қойылатын талаптарға қатысты өзіңіздің кез-келген сұрақтарыңызға жауап алу үшін келесі мекенжай бойынша ШҚО уәкіліне жүгінсеңіз болады: pcm@ebrd.com